

Түркістан облысы Келес ауданы
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

**"Кәмелетке толмағандар
арасындағы
құқықбұзушылықтың
алдын алу" бойынша
іс-шаралар**

2023-2024 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА
№52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№197

ПРИКАЗ

Қаратал ауылы

«01» «09» 2023 жыл

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық
бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
қадағалаусыз және панасыз қалуының
алдын алу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу бойынша ата-аналар мен оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
2. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында сабақтан жалтаратын, сабаққа келмейтін оқушылардың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
3. Құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды мектепшілік іс-шаралар мен сыныптан тыс үйірме жұмыстарына қатысуы қадағалансын.
4. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мобильдік топ төмендегі құрамда құрылсын:

Мобильдік топ төрайымы Г. Бекжанова - мектеп директоры;

Мүшелері: М. Кузенбаева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Құрбанбеков Е - әлеуметтік - педагог;

Кенжебаева Б - педагог- психолог;

Аянов Т - АӘД жетекшісі;

Эрдашева Х - ата-аналар төрайымы;

Тоғызбаев Д - АПБ ЖПҚ ЮПТ полиция капитаны мектеп инспекторы

5. Мобильдік топтың жұмыс жоспарын, кезекшілік кестесін жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  Г. Бекжанова



**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылының кәмелетке толмағандар арасындағы
құқықбұзушылықтың алдын алу барысында атқарылатын
жылдық жоспары**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы бұйрық шығару, жоспарын жасап бекіту.	Тамыз	ДТЖО Кузенбаева М
2	Мектепішілік тәртіп бұзуға бейім оқушыларды анықтау, тізімін алу.	Қыркүйек	Сынып жетекшілер
3	Сабақты көп жіберетін, сабақтан себепсіз, рұқсатсыз кететін оқушылардың сабағын, тәртібін қадағалау және ата-аналарымен жұмыс.	Жыл бойы Күн сайын	ДТЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер
4	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы жиналыс өткізу.	Ай сайын	ДТЖО Кузенбаева М Тәлімгер Сынып жетекшілер
5	"Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу – басты міндет" Баяндама (Ұлдар жиналысы)	Қазан	ДТЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер
6	"Тәртіпке бағынған құл болмайды" (Өңгіме) 7-11 сынып оқушылары (Оқушыларға жадынама тарату)	Қараша	ДТЖО Кузенбаева М Мектеп инспекторы Тоғызбаев Д
7	Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ІІБ-мен бірлескен кездесулер ұйымдастыру.	Әр тоқсанда	ДТЖО Кузенбаева М Мектеп инспекторы Тоғызбаев Д

8	"Заңды білу - заман талабы" тәрбие сағаты (10 сынып)	Желтоқсан	Сынып жетекшілер
9	«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу – басты міндет» Баяндама (9 сынып)	Қаңтар	Тәлімгер Таскулова А
10	Өмірдің қиын кезеңдеріне кезіккен оқушыларды уақытында анықтап, аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және оларды қорғау жөніндегі комиссияға құжаттарын уақытында тапсыру.	Кезінде	ДТІЖО Кузенбаева М Мектеп инспекторы
11	Сабаққа үнемі кешігетін оқушылармен профилактикалық отырыстар өткізу.	Әр тоқсанда	ДТІЖО Кузенбаева М Психолог Сынып жетекшілер
12	Ерекше назардағы оқушыларды есепке алу. (жеке папка арнау)	Жыл бойы	ДТІЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер
13	"Жастарды қылмысқа итермелейтін не"(пікірсайыс 10-11 сынып)	Наурыз	Сынып жетекшілер
14	"Жасөспірімдер арасында бопсалаудың , әлімжеттіліктің алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау" Сауалнама (9-11 сынып)	Әр тоқсанда	ДТІЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер
15	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру.(спорттық іс- шараларға тарту)	Жыл бойы	ДТІЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер
16	"Жасөспірім және заң" (дөңгелек үстел 10-11 сынып)	Сәуір	Сынып жетекшілер
17	Кітапханада құқық бұрышын ұйымдастыру	үнемі	Кітапханашы Аяпова М

ДТІЖО:  М. Кузенбаева

*№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің қыркүйек айында
5-11 сынып оқушыларымен өткізілген жиналысының*

Хаттамасы № 1

Қаратал ауылы

08.09. 2023жыл.

Қатыскандар: 92 оқушы

1. Мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев
полиция капитандары А. Интиқбаева, А. Бөбекбай
2. ДТІЖО М. Кузенбаева
3. Тәлімгер Анаркұл Ш
4. Педагог-пизолог Б. Кенжебаева

Күн тәртібінде:

1. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқықбұзушылық,
әлімжеттілік, бопсалау. ДТІЖО Кузенбаева М
2. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу
мақсатында АІБ ЖПҚ ЮПТ полиция капитаны Д. Тоғызбаев
3. " Жастарды қылмысқа итермелейтін не ?" Баяндама .
Тәлімгер Анаркұл Ш
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Мектебіміздің 5-11 сынып оқушыларымен АІБ-ң қызметкері
полиция капитаны Д. Тоғызбаевпен кездесу өтті.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева
Жасөспірімдердің арасындағы өткен қылмыстарға шолу жасады. Әрбір
кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдерінің ҚР заңының алдында жасаған
қылмысқа жауап беретіндігін түсіндіре өтті. Қалада мектептерден құпия
түрде жүргізілген сауалнамаларды өткізу себеп – салдарын және де қиын
немесе қиынға бейім оқушыларды анықтау және фактілерге сүйене
отырып көмекке мұқтаж жасөспірімдерді анықтау мақсатында көптеген
профилактикалық іс – шаралар ұйымдастырылатынын айтап өтті. Және
сондай-ақ аудандық ішкі істер бөлімдерімен, қала әкімшілігімен
аудандық прокуратура өкідерімен біргелікте арнайы мобильдік топ
құрылғаны туралы айтып , онда кәмелет жасына толмағандар
арасындағы қылмыспен құқық бұзушылықтың өршіп тұрғаны бір –біріне
әлімжеттілік көрсетіп әліжеткені әлсіздерден бопсалап ақша сұрау
фактілеінің көбейіп бірін-бірінің киімдерін соткаларын тартып алатын
айғақтардың көбею салдарынан қалада жастар арасында кешкі мезгілде
яғни айтқанда түнгі бейберекет жүрістердің салдарынан кәмелеттік жасқа

толмағандар арасында түрлі келеңсіз жағдайлар болып жатқандығы туралы айтып түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев сөз сөйледі.

Оқушыларды тәртіпке шақырып сабақ уақытында мектеп ауласынан тыс жерде жүрген оқушылар қолға түсіп ұсталса ата-анасын 5800 тенге айыппұл төленетінін айтты. Екінші рет ұсталған жағдайда екі есе төленетінін айтты. Осындай қатаң тәртіпті оқушылар мектептен тыс уақытта да сақтауын талап ететін айтылды. АІБ-ң қызметкері АД. Тоғызбаев оқушыларға кешкі сағат 23⁰⁰-ден кейін көшеге шығуға болмайтынын ескертіп айтты. Компьютер ойындарын ойнауға тыйым салынатынын айтты. 21 жасқа дейінгі жасөспірімдерге тыйым салынатынын айтып өтті. Жарыс сөзге шыққан оқушылар болды. 9 сынып оқушысы Сман Самат. Мейрам күндері паркке шығуға болама деді? Тек қана күндіз шығуға болады. Түнде шығуға рұхсат жоқ. 10 сынып оқушысы Бағдаулет егерде үйдегілер кешке дүкенге бір затқа жіберсе не істейміз деп сұрады? - Ондай кезде қасыңа әпкенді ме, ағанды ма біреуді ертіп шығу керек деді. Толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектеп тәлімгері Анаркүл Ш " Жастарды қылмысқа итермелейтін не ?" тақырыбында баяндама оқыды. Оқушыларға - Бала не үшін және қандай жағдайда қылмысқа барады? деген сұрақтарға қойды. 11 сынып оқушысы Шубай Р өз ойын ортаға тастады. Бала әртүрлі жағдайда қылмысқа баруы мүмкін, тұрмыс жағдайы төмен болса ұрлыққа барады. Біраз оқушылар нақты жауаптар айтып, өз ойларын айтты.

ШЕШІМ:

1. АІБ-ң қызметкерлерімен жиі-жиі кездесулер өткізілсін.
2. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, әлімжеттілік, бопсалаудың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп отырсын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  М. Кузенбаева

Хатшы:

 Ш. Анаркүл

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу
мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен
бірге өткізілген жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні : 27.09.2023ж

Қатысқандар: 46

Қаратал ауылы

Күн тәртібінде:

- 1. Мектеп директоры Г. Бекжанова -күн тәртібіндегі мәселелермен таныстыру**
- 2. «Құқық бұзушылықтың алдын алу »**
Баяндамашы: ДТЖО: М. Кузенбаева
- 3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында :**
педагог-психолог Б. Кенжебаева
- 4. «Бала құқығын қорғау» тақырыбында баяндама тақырыбында: Келес АПБ ЖПҚ**
ЮПТ инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев
- 5. Әртүрлі мәселелер.**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г. Бекжанова аудан көлемінде, соның ішінде №52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады.

Мектеп директоры Г. Бекжанова жиналыстың күн тәртібі мен мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиіленіп кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады. Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева «Құқық бұзушылықтың алдын » тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТЖО М. Кузенбаева кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепшілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-

байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Б. Кенжебаева «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып, жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынайы өмірде жасап қанағаттана алмай, бала қылмысқа барған. Бала ата-анасының жасағанын айнытпай қайталайды. Таңның атысынан күннің батысына дейін телефонды құшақтап жүретін ата-ананың баласы қандай болмақ? Әлде, олармен жарыса желіні ақтарады ма? Көз майын тауысып, кітап оқиды ма? «Үяде не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келенсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да кездесіп жатыр. Және сөз соңында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ат. Аяпов – «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарына қосымша шолу жасап кетті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін күшейту керектігін, алдағы уақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасауымыз керек деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

ДТЖО М. Кузенбаева жиналысты қорытындылай келе, осының алдын алу үшін, отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болуға, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болуға шақырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қорытындылай келе, осы жағдайлардың алдын алудың мақсатында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.

2. Бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектептің тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Мектеп директоры:

ДТЖО:

Педагог-психолог:

Ата-аналар комитетінің

төрайымы:

Хатшы:

Мектеп инспекторы

полиция капитаны:

Г. Бекжанова

М. Кузенбаева

Б. Кенжебаева

Х. Эрдашева

Ш. Анаркүл

Д. Тоғызбаев



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0n19mcq2oNkVr2GVfvYCBNqOEdbFFw6TzKtJBtBtkSedV1TymsBnhg38aizoWjCVcl&id=100064419581956&mbextid=Nif5oz

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде құқық бұзушылықтың алдын алу туралы оқушылармен өткізілген жиналысының

Хаттамасы №2

19.10.2023 жс

Қаратал ауылы

Қатысқандар:

ДТДЖО: М. Кузенбаева

Әлеуметтік - педагог: Е. Құрбанбеков

Педагог - психолог: Б. Кенжебаева

Мектеп тәлімгері: Ш. Анаркүл

7-10 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу
2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі.Баяндама.
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Жиналысты мектеп Әлеуметтік педагог-Е.Құрбанбеков күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып, мектепте жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аудандық ішкі істер қызметкерлері мен прокуратура өкілдері тарапынан арнайы мобильдік топ құрылғанын және түнгі уақытта рейдтер жүргізіліп жатқанын нақты айтып өтті.

Оқушыларды сабақ уақытында мектеп ауласынан тыс жерде жүрген оқушылар түнгі мезгілде қолға түсіп ұсталса ата-анасынан айыппұл төленетінін айтты. Екінші рет ұсталған жағдайда екі есе төленетінін айтты. Осындай қатаң тәртіпті оқушылар мектептен тыс уақытта да сақтауын талап ететін айтылды. Оқушыларға кешкі сағат 22⁰⁰-ден кейін көшеге шығуға болмайтынын ескертіп айтты.

Жарыс сөзге шыққан оқушылар болды. 9 сынып оқушылары Н. Бұхарбай-біз кешке малдың алдынан шығуға,ол келмей қалса кезектегі қой қосқан үйлерге баруымызға болама деді? Егерде үйдегілер кешке дүкенге бір затқа жіберсе не істейміз деп сұрады? Ондай жағдайда ата-ананың біреуі қасында болуы керек деді.Тек қана күндіз шығуға болады. Түнде шығуға рұхсат жоқ. Ондай кезде қасыңа әпкенді ме, ағанды ма біреуді ертіп шығу керек деді. Толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Содан кейін мектеп тәлімгері Ш. Анаркүл оқушыларға келенсіз тәртіпсіздік жасамауға шақырды.

Шешім:

- 1.Оқушылармен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жүргізілсін.
2. Кәмелет жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың, түнгі беймезгіл уақытта жүрмеуінің алдын алу мақсатында үнемі ескертулер жасап отыру сынып жетекшілерге міндеттелсін.

ДТДЖО:
Хатшы:



М. Кузенбаева
А.Таскулова

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде құқық бұзушылықтың алдын алу туралы оқушылармен өткізілген жиналысының

Хаттамасы №3

29.11.2023 ж. ы

Қаратал ауылы

Қатысқандар:

ДТДЖО: М. Кузенбаева

Әлеуметтік - педагог: Е. Құрбанбеков

Педагог - психолог: Б. Кенжебаева

Мектеп тәлімгері: Ш. Анаркүл

5-11 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

Жасөспірімдер арасында қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу

Жиналысты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып, мектепте жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жиналысқа жалпы 5-11 сыныптар аралығында оқушылар қатыстырылды және жасөспірімдердің арасындағы өткен қылмыстарға шолу жасады. Соңғы уақытта мектеп оқушылар арасында әртүрлі қылмыстық жағдайлардың орын алып жатқанын айтып өтті.

Әрбір кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдерінің ҚР заңының алдында жасаған қылмысқа жауап беретіндігін түсіндіре өтті. Ауыл мектептерден құпия түрде жүргізілген сауалнамаларды өткізу себеп – салдарын және де киын немесе киынға бейім оқушыларды анықтау және фактілерге сүйене отырып көмекке мұқтаж жасөспірімдерді анықтау мақсатында көптеген профилактикалық іс – шаралар ұйымдастырылатынын айта өтті.

Шешім:

1. Ата – аналармен қарым – қатынас күшейтіліп оқушыларға жиі кездесулер ұйымдастырылсын.
2. Жасөспірімдер арасында қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізілсін.

ДТДЖО

Хатшы:



М. Кузенбаева

А. Таскулова

Келес АІІБ -нің бастығы
полиция полковнигі
Б.Қаныбеков мырзаға
Түркістан облысы Келес ауданы
Ошақты ауылдық округі
Қаратал ауылы
№52 С. Бегалин атындағы
жалпы орта мектебінің
директоры Г. Бекжановадан

Мәлімет

№52 С. Бегалин мектебінде зорлық-зомбылық фактілеріне ұшыраған,
суицидке бейім және діни оқуға ,шет елге кеткен оқушылар жоқтығын
мәлімдейді

Мектеп директоры:  Г. Бекжанова



№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде құқық бұзушылықтың алдын алу туралы оқушылармен өткізілген жиналысының

Хаттамасы №1

12.12.2023жыл

Қаратал ауылы

Қатысқандар: 33

ДТІЖО - М. Кузенбаева

Педагог-психолог - Б. Кенжебаева

Тәлімгер - Ш. Анаркүл

5-11 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу. Баяндама
2. Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы.
3. Түрлі мәселелер.

Жиналысты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып, мектепте жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Оқушыларды тәртіпке шақырып уақытылы сабаққа қатысуын айтты. Оқушылар түнгі мезгілде қолға түсіп ұсталса ата-анасынан айыппұл төленетінін айтты. Екінші рет ұсталған жағдайда екі есе төленетінін айтты. Осындай қатаң тәртіпті оқушылар мектептен тыс уақытта да сақтауын талап ететін айтылды.

Мектебіміздің педагог-психологы Б. Кенжебаева - оқушыларға компьютер ойындарын ойнауға, интернетте тыйым салынған сайттарға кіруге болмайтындығын, танымайтын адаммен ұялы телефондарда сөйлесуге және оның әрбір қойған сұрағына жауап беру маңызды емес екенін түсіндіріп айтып өтті.

Балаларға сабақтан бос уақытта үнемі ата-аналарының бақылауынан шықпауын. Сабақтарға себепсіз 3-күннен артық қатыспаған оқушыларды анықтап, АІБ-не хабарлау керектігі айтылды. Құқық бұзушылық жағдайлардың орын алып жатқанын естіген жағдайда сынып жетекшілеріне, оқу-тәрбие орынбасарларына тез арада хабарлауын тапсырды.

Шешім:

1. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары үнемі жүргізілсін.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде ұлдар және қыздар кеңесі жиналысы өткізілсін.

ДТІЖО:



М. Кузенбаева

Хатшы:



А. Таскулова

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БАЯНДАМА

*"Кәмелеттік жасқа толмаған
жасөспірімдер арасындағы
құқық бұзушылықтың алдын алу -
басты міндет"*

2023-2024 оқу жылы

Кер

Түркістан облысы Келес ауданы
№52 С.Бегалин атындағы ж.о.б.б.м

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Заңды білу-заман талабы

Орындаған: Бурлибаева Г

2023-2024 о.ж

19.02
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Түркістан облысы Келес ауданы

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекеме

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Занды білу – заман талабы»

Сынып: 9

Сынып жетекші: **Жиенбаева У**

2023-2024 оқу жылы

